

**ПРЕСС-РЕЛИЗ**

6 мая 2011 г.

г. Алматы

**В Алматы состоялся «круглый стол», посвященный вопросам развития совместных проектов АО НК «КазМунайГаз» с иностранными компаниями, в т. ч. китайскими партнерами**

6 мая 2011 года в г. Алматы Национальная компания «КазМунайГаз» (далее – НК КМГ) провела «круглый стол», посвященный перспективам развития проектов с иностранным участием в нефтегазовой отрасли, в т.ч. вопросам сотрудничества с китайскими компаниями.

В мероприятии приняли участие управляющий директор - заместитель председателя Правления АО НК «КазМунайГаз» Болат Палымбетов, представители ведущих республиканских печатных СМИ, выходящих на государственном языке, теле- и радиожурналисты, эксперты.

Открывая «круглый стол» Болат Палымбетов подчеркнул, что Национальная компания «КазМунайГаз» уделяет приоритетное значение сотрудничеству со СМИ, выходящими на государственном языке.

- Это традиционная встреча, которую НК КМГ проводит с главными редакторами и журналистами казахоязычных СМИ. Сегодня мы обсудим с вами существующие тенденции в нефтегазовой отрасли и ответим на актуальные вопросы, которые интересуют журналистов, в том числе о реализации совместных проектов с китайскими партнерами, - сказал Болат Палымбетов.

Так, по итогам 2010 года доля китайских предприятий в общем объеме добычи компаний с участием НК КМГ составила 15,4%. Прогнозируется, что в 2015 году доля китайских предприятий в общем объеме добычи компаний с участием НК КМГ составит 11%, а к 2020 году – 5%.

В ходе проведения «круглого стола» директор департамента разработки и технологии добычи АО НК «КазМунайГаз» Нурлыбай Киялбаев отметил, что, из 11 нефтедобывающих предприятий с долевым участием НК КМГ, китайские компании являются партнерами в 5-ти совместных предприятиях: АО «ПетроКазахстан КумкольРесорсиз» (67% CNPC), АО «Тургай Петролеум» (33,5% CNPC), ТОО СП «КазГерМунай» (33,5% CNPC), АО «Каражанбасмунай» (50% CITIC), АО «Мангистаумунайгаз» (50% CNPC). При этом численность работников – граждан КНР в данных добывающих компаниях в среднем составляет 1-3%.

- Происхождение инвестора – Китай, Россия, США и т.д. имеет второстепенное значение, так как в любом случае, интересы Республики Казахстан защищены через механизмы лицензирования, систему налогообложения, систему контроля со стороны министерства нефти и газа РК и других профильных государственных органов, обязательствами в контрактах недропользования, - подчеркнул Н.Киялбаев.

В заключение участники «круглого стола» поддержали проведение подобных мероприятий, направленных на актуализацию и повышению

качества материалов на казахском языке в СМИ, а также формирование конкурентного информационного поля через развитие профессиональной казахоязычной журналистики.

---

*АО «Национальная компания «КазМунайГаз» - казахстанский национальный оператор по разведке, добыче, переработке и транспортировке углеводородов, представляющий интересы государства в нефтегазовой отрасли Казахстана. 100 процентов акций АО НК «КазМунайГаз» принадлежит АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына».*

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ	Қазақстан, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19 тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 <a href="http://www.kmg.kz">www.kmg.kz</a>	

**БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ**

6 мамыр 2011 ж.

Алматы қаласы

**Алматыда «КазМұнайГаз» ҰК АҚ шетелдік компаниялармен, сонымен бірге қытайлық әріптестермен бірлескен жобаларды дамыту мәселелеріне арналған «дөңгелек үстел» өткізді**

2011 жылдың 6 мамырында Алматы қаласында «КазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ ҰК) шетелдік компаниялармен, сонымен бірге қытайлық әріптестермен бірлескен жобаларды дамыту мәселелеріне арналған «дөңгелек үстел» өткізді.

Шараға басқарушы директор - «КазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Болат Палымбетов, республикалық мемлекеттік тілде шығатын басылымдық БАҚ жетекші өкілдері, теле және радиожурналистер, сарапшылар қатысты.

«Дөңгелек үстелді» аша келе Болат Палымбетов «КазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының мемлекеттік тілде шығатын БАҚ-мен ынтымақтастыққа баса назар аударатынын атап көрсетті.

- Бұл - ҚМГ ҰК қазақ тілді БАҚ бас редакторлары және журналистерімен өткізіп отырған дәстүрлі кездесуі. Бүгін біз сіздермен мұнай-газ саласындағы үрдістерді талқылап, журналистерді толғандырып жүрген, сонымен бірге қытайлық әріптестермен жүргізіліп жатқан бірлескен жобалардың жүзеге асырылуы жайындағы сұрақтарға жауап береміз,- деді Болат Палымбетов.

2010 жылдың қорытындысы бойынша ҚМГ ҰК қатысатын Қытай кәсіпорындарының үлесі 15,4% құрады. «КазМұнайГаз» ҰК 2020 жылға дейінгі стратегиялық жоспары бойынша 2015 жылға қарай бұл үлес 11% құрайды, ал 2020 жылға қарай 5% дейін азаяды.

«Дөңгелек үстел» аясында «КазМұнайГаз» ҰК АҚ игеру және өндіру технологиясы департаментінің директоры Нұрлыбай Қиялбаев жалпы ҚМГ ҰК үлестік қатысуымен 11 мұнай өндіруші кәсіпорынның ішінде қытайлық компаниялар 5 бірлескен кәсіпорында әріптес болып табылатындығын атап өтті. Олар: «ПетроҚазақстан ҚұмкөлРесорсиз» АҚ (67% CNPC), - «Торғай Петролеум» ЖШС (33,5% CNPC), - «КазГерМұнай» БК ЖШС (33,5% CNPC), - «Қаражанбасмұнай» АҚ (50% СІТІС), - «Манғыстаумұнайгаз» АҚ (50% CNPC) компаниялары. Бұл ретте ҚХР азаматтарының осы өндіруші компаниялардағы саны орта есеппен 1-3% құрайды.

- Біз инвесторларды таңдағанда қоятын басты талабымыз олардың қай елден екендігі емес, ол Қытай ма, Ресей ме, АҚШ па, жоқ басқа ма? Себебі кез келген жағдайда Қазақстан мүддесі – лицензиялау механизмі, салық салу жүйесі, ҚР Мұнай және газ министрлігі, басқа да бейінді мемлекеттік органдардың тарапынан бақылау жүйесі, жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттардағы міндеттемелер арқылы қорғалады, - деп атап көрсетті Н.Қиялбаев.

Қорыта келгенде, «дөңгелек үстелге» қатысушылар БАҚ қазақ тілінде

шығатын материалдардың сапасын арттырып, өзектендіруге бағытталған осындай шаралардың өткізіліп тұруын қолдай отырып, сонымен бірге бәсекелестік ақпарат айдынын арттыру арқылы кәсіптік қазақ тілді журналистиканы дамыту қажеттігін атап көрсетті.

---

*«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ – Қазақстанның мұнай-газ саласындағы мемлекеттің мүдделерін білдіретін көмірсутегілерін барлау, өндіру, өңдеу және тасымалдау, жөніндегі қазақстандық ұлттық оператор. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ акцияларының 100%-і «СамұрықҚазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-қа тиесілі.*

Қоғаммен байланыс департаменті	Департамент по связям с общественностью	Public Relations Department
<b>«ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ</b>	<b>Қазақстан, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр д-лы, 19</b> тел. +7 (7172) 976340, факс: +7 (7172) 976329 <a href="http://www.kmg.kz">www.kmg.kz</a>	